

2019 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша бюджеттік субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2019 жылғы 2 мамырдағы № 27/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 2 мамырда № 5312 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18404 болып тіркелген) Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2019 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша бюджеттік субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қарағанды облысы әкімдігінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №09/01 "2019 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша бюджеттік субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5189 болып тіркелген, 2019 жылғы 28 ақпандағы № 23 (22619) " Орталық Қазақстан" және 2019 жылғы 28 ақпандағы № 23 (22427) "Индустриальная Караганда" газеттерінде, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық бақылау банкінде электрондық түрде 2019 жылы 21 ақпанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

5. "2019 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша бюджеттік субсидиялардың көлемдерін бекіту туралы" қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

2019 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша бюджеттік субсидиялар көлемдері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 19.12.2019 № 73/01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидиялау көлемі	Субсидиялар сомасы, мың теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы				
	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу			
1.	1.1 Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас/шағылыстыру	107 852	1 078 520
	1.2 Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	маусымы	15 454	309 080
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас/шағылыстыру маусымы	2 393	239 300
3.	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	сатып алынған бас	5 893	883 950
4.	Шетелдік асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу	бас	2 255	507 382
5.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	4 220 240	844 048
6.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдары үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	қосқан салмағы, килограмм	2 755 019	551 004
7.	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандату (2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады)	өндірілген сиыр етінің бір килограммы		
	Барлық сома			4 413 284
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы				
1.	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу			
	1.1 Бір жынысты	сатып алынған доза		
	1.2 Қос жынысты		93	467
2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу			
	2.1 отандық немесе ТМД елдерінен әкелінген шетелдік	сатып алынған бас	326	48 900
	2.2 Аустралия, АҚШ, Канада және Еуропа елдерінен әкелінген		291	65 475
	Сүт өндіру құнын арзандату:			

3.	3.1 бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе өңделген килограмм		
	3.2 бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық		5 061 700	101 234
	3.3 бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		4 961 900	49 619
	3.4 Ауыл шаруашылығы кооперативі		1 999 800	19 998
4.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандырылған бас/шағылысу маусымы	4 660	23 300
5	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас/шағылыстыру маусымы		
6	Эмбриондарды телу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	бас		
7	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы аналық басының және толықтыратын мал басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату	бас		
Барлық сома				308 993
Етті құс шаруашылығы				
1.	Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	103 193	61 916
Құс етін өндіру құнын арзандату				
2.	1) 15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген немесе өңделген килограмм		
	2) 10 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс			
	3) 5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс		5 415 467	324 928
	4) 2 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс			
3.	Күрке тауық етін өндіру құнын арзандату			
4.	Суда жүзетін құс етін өндіру құнын арзандату			
Барлық сома				386 844
Жұмыртқалы құс шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	1 428 238	85 694
Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату				
2.	1) 200 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	313 949 000	941 847
	2) 150 миллион данадан басталатын нақты өндіріс			
	3) 100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		388 821 200	972 053
	4) 50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		16 588 636	36 495
	5) 20 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		7 049 500	14 099
Барлық сома				2 050 188
Шошқа шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды шошқалар сатып алу	сатып алынған бас	300	42 000

2.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	бас/шағылысу маусымы	10 293	411 720
Барлық сома				453 720
Қой шаруашылығы				
1.	Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандырылған бас / шағылысу маусымы		
Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
2.	2.1 Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/ шағылысу	37 146	92 865
	2.2 Қойлардың тауарлық аналық басы	маусымы	81 407	122 111
3.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	2 345	18 758
	3.1 Асыл тұқымды ешкілердің аналық басын сатып алу			
4.	Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық кошқарды күтіп-бағу	бас/шағылысу маусымы		
5.	Қозы өткізу құнын арзандату	өткізілген бас		
Өңдеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүн құнын арзандату				
6.	6.1 Сапасы 60-тан басталатын жүн	өткізілген немесе өңделген килограмм		
	6.2 Сапасы 50-ден басталатын жүн			
Барлық сома				233 734
Жылқы шаруашылығы				
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	128	12 800
2.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	1 548 817	92 929
Барлық сома				105 729
БАРЛЫҒЫ				7 952 492